

ЖШС «Асия» бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

12.12.2023 ж.

Қатысқандар:16

Күн тәртібі:

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
3. Күн тәртібінің орындалуы

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырылып өтті, алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балардың ең сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалынып, бағдарламасын талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рольдеріне қызметкерлер бекітілді.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті, қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелерді, топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ж.Жамал және балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алып, балабақшада күн тәртібінің орындалуына байланысты хабарлама жасады. Күн тәртібі таңертеңгілік қабылдау мен баланы кешке үйіне шығарып салғанға дейінгі тәрбиелік іс-шаралар жататынын білесіздер, жүйелі ұйымдастрылған күн тәртібі баланың денсаулығының, мықты болуымен, көңіл күйіне де әсер етеді, баланы күнде таза ауада шынықтыру оң әсерін тигізетіні туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздік ережелері сақталсын.
3. Күн тәртібінің сақталуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Г.Тойбол

П.Бекбауова

